



ДЕРТТІ ЕРТЕ АНЫҚТАЙТЫН ЖАҢА ОРТАЛЫҚ



АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨНІРДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР. КЕШЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАДА ОРНАЛАСҚАН, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНАТЫН РАДИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТЫНЫСТЫРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ.

Бүгінгі таңда бұл орталық өңірдегі 17 медициналық мекеменің радиологиялық қызметін бір орталықтандырылған жүйеге біріктіріп отыр. Енді аудандық немесе ауылдық

емханаларда түсірілген рентген суреттері цифрлық форматпен бірден облыстық



орталыққа келіп түседі. Бұл білікті мамандарға дертті жедел саралап, шалғай елді мекендердегі әріптестеріне дер кезінде консультациялық көмек көрсетуге жол ашады.

Жобаға жауапты компанияның коммерциялық директоры Ерлан Жәнібековтің айтуынша, заманауи жасанды интеллект технологиясы дәрігердің орнын алмастырмайды. Керісінше, ол дертті алғашқы кезеңнен бастап өте дәл әрі жылдам анықтауға көмектесетін сенімді көмекші құрал ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ жоба аясында тұрғындардың радиологиялық зерттеу нәтижелері цифрлық форматта бір-біріне архивке жинақталады. Ахуалдық орталықтың жұмысымен танысқан облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай бұл жүйенің мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланып, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруды тапсырды.

Айта кету керек, шараға облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бекболат Ізбасаров, облыстық аурухана директоры Берік Каунов және өңірдегі басқа да медициналық ұйымдардың

басшылары қатысып, саланы дамыту бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ҚАРЫНЖАРЫҚ – ТУРИСТЕРДІҢ СҰРАНЫСЫНА ИЕ ЛОКАЦИЯ

ТҰЗДЫ СОРДЫҢ ОРТАСЫНАН БОЙ КӨТЕРГЕН АЛЫП ТАУЛАР, ЕЖЕЛГІ ТЕТИС МҰХИТЫНЫҢ ІЗІ, ШЕКСІЗ КЕҢІСТІК ПЕН АДАМ АЯҒЫ СИРЕК ЖЕТЕТІН ТАБИҒАТ. ҚАРЫНЖАРЫҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН ТУРИСТЕР САНЫ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ КЕЛУШІЛЕРДІҢ 55-60 ПАЙЫЗЫ – ШЕТЕЛДІК САЯХАТШЫЛАР. ҚАРЫНЖАРЫҚ ТУРИСТЕРДІ НЕСІМЕН ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ? БҰЛ БАҒЫТҚА ЖЕТУ НЕГЕ ҚИЫН? ТУРИСТЕР ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ШАЛҒАЙ ЛОКАЦИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ? ТОЛЫҒЫРАҚ АРНАЙЫ МАҚАЛАДАН ОҚЫҒЫЗДАР!



» 3

ЕҢСЕЛІ СТАДИОН САЛЫНАДЫ



19 ТАМЫЗДА АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА ТОЛЫҚ САЙ КЕЛЕТІН ЖАҢА КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ СТАДИОННЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНЫП, БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА АРНАЛҒАН УАҚЫТ КАПСУЛАСЫ САЛЫНДЫ. ОСЫ САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ, СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ, БЕЛГІЛІ СПОРТШЫЛАР МЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР АРНАЙЫ ҚАТЫСТЫ. ЖАҢА АРЕНА ӨНІРДЕГІ СПОРТТЫ, ӘСІРЕСЕ ФУТБОЛДЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Жалпы аумағы 17,29 гектарды алып жатқан бұл ауқымды кешен 10 мың көрерменді еркін сыйдыра алады. Өлшемі 105×68 метр болатын футбол алаңы табиғи көгалмен төселіп, заманауи жылыту және жерасты дренаж жүйелерімен жабдықталады. Нысан Қазақстан футбол федерациясының 5-санатына және UEFA-ның 4-санатына сай келетін болады.

Стадион аумағында жас таланттарды жүйелі түрде даярлайтын футбол академиясы да бой көтереді. Оның ішінде 40 орындық жатақхана, асхана, спорт залы, оқу кабинеттері, конференц-зал, сондай-ақ медициналық және қалпына келтіру блоктары қарастырылған. Мұнымен қоса, кешенде трибуналары бар екі жаттығу алаңы, кең автотұрақтар мен барлық қажетті инженерлік инфрақұрылым салынады. Жобаның сәулеттік келбеті де ерекше, ол Ақтаудың теңіз жағасындағы өзіндік стилін айшықтайды. Түнгі уақытта ғимараттың қасбеті арнайы сәндік жарықпен безендіріліп, көрермендер трибуналарының үсті толықтай жабық болады.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай бұл нысанның Маңғыстаудан жаңа чемпиондарды тәрбиелеп шығарудағы маңызы зор екенін атап өтті. Жаңа стадион мен академия өскелең ұрпақтың талантын ашып, бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына үлкен серпін бермек.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

• БҮГІНГІ САНДА

АНДУДЫҢ СОҢЫ – АБАҚТЫ



» 5

**Андрей АСТАФЬЕВ:
«МАҢҒЫСТАУ – ӘЛІ
АШЫЛМАҒАН ҮЛКЕН
ТАРИХИ ҚАЗЫНА»**

» 7